



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы және Стокгольм

28 желтоқсан 2021 жыл

Қазақстан қор биржасы мен SCILA AB (Швеция) KASE сауда-саттық алаңында Scila Surveillance қадағалау жүйесін енгізу туралы келісімге қол қойды

Қазақстан қор биржасы (KASE немесе Биржа) және Scila AB биржалық нарықтағы теріс пиғылды тәжірибеге қарсы тұру мақсатында KASE алаңында Scila Surveillance™ автоматтандырылған қадағалау жүйесін жеткізуге және енгізуге келісім жасады.

Scila AB нарықты қадағалау, ақшаны жылыстатумен күрес және тәуекелдерді басқару саласындағы жетекші тәуелсіз технологиялар жеткізушісі болып табылады, қаржы нарықтарындағы теріс қылықтарды анықтау құралдарын ұсынады.

Scila Surveillance™ жүйесі – қатысушыларды нақты уақыт тәртіптемесінде байқау үшін жоғары технологиялық және икемді шешім, ол бүгінгі күні биржаларды, реттеушілерді және нарық қатысушыларын қоса алғанда, 20-дан астам елдегі клиенттердің объектілерінде орналастырылған және нарықтың тұтастығын сақтауға және инвесторлар тарапынан оған сенімді нығайтуға бағытталған.

"Таңдалған жүйе Биржаға жергілікті нарықты айла-шарғы жасаудан қорғаудың сапалы жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік береді. Қаржы қызметтері саласындағы жаңа технологияларды пайдалану қатысушылардың мүмкіндіктерін кеңейтеді, қызмет стандарттарының деңгейін және тиісінше нарықтың талаптарын көтереді", – деп атап өтті KASE Басқармасының Төрацымы Алина Алдамберген.

"Қазақстан Орталық Азиядағы ең ірі экономика және өңірдегі жетекші капитал нарығы болып табылады. KASE активтердің әртүрлі кластарында өнімдер мен құралдардың кең спектрін ұсынады және Біз KASE-мен ұзақ мерзімді серіктестікке үміттенеміз", – дейді Ларс-Ивар Зельберг, Scila атқарушы төрағасы және тең құрылтайшыларының бірі.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетелдік валюталар, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Ақпарат алу үшін хабарласыңыз pr@kase.kz немесе +7 (727) 237 5342.

Scila AB Scila сауда-саттықты қадағалау, ақшаны жылыстатумен күресу және тәуекелдерді басқару үшін озық шешімдерді ұсынады. Scila компаниясы 2008 жылдың басында құрылған. Барлық құрылтайшылардың қадағалау бөлімдерінде немесе қаржы саласындағы жоғары өнімді технологиялар саласында тәжірибесі бар. Scila AB компаниясының қарқынды өсуі барысында ең үздік мамандарды іріктеуге басты назар аударылды.

Бұл технология саласындағы тамаша білімнің берік базасы нарықтың кез-келген қатысушысынан жоғары дәрежеде тәуелсіздікпен және сыртқы капиталға тәуелділіктің болмауымен үйлеседі. Бұл өте жақсы ойластырылған стратегия Scilla клиенті үшін шынайы құндылықты қамтамасыз ететін инновациялық өнімдерді жасау үшін фокус пен еркіндік берді.

Scila AB туралы қосымша ақпарат алу үшін www.scila.se сайтына кірулеріңізге болады.